

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК СИТУАЦИЯЛАР ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Калиева К.М¹, п.ф.к., профессор

Утебаева Б.Т².аға оқытушы

¹Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан

²Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы

e-mail:kalieva.k.m@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада этномәдени біліктілік ұғымының мазмұны анықталған, тұлғаның сапалық өзгеруін қамтамасыз ететін сыныптан тыс іс-шаралардағы тәрбиелік жағдаяттар технологиясы негізінде жоғары сынып оқушыларының этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізделген.

Этномәдени біліктілік авторлар көзқарасы бойынша белгілі бір мәдениет туралы объективті түсініктер мен білімдер жиынтығынан көрініс беретін тұлғалық қасиет, ол этносаралық түсіністік пен өзара әрекеттесуге ықпал ететін дағдылар, әдеттер мен мінез-құлық арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары сынып оқушыларының этномәдени біліктілігін тәрбиелік ситуациялар технологиясы арқылы қалыптастыру оның ерекшелігімен анықталады: яғни, оқушылардың мәдени проблемалар жағдайына енуі (олардың шешілуі мәдени құндылықтар мен нормаларды қабылдауға ықпал етеді), осы жағдайларды моральдық тұрғыдан түсінуге негізделген мәдени мінез-құлық дағдыларын дамыту, игерілген мәдени тәжірибенің жеке маңыздылығын қамтамасыз ете отырып, оқушының әлеуметтік-мәдени кеңістігін кеңейту мүмкіндігі.

Тірек сөздер: біліктілік, этномәдени біліктілік, тәрбиелік ситуация, технология

Тәрбие үдеріс ретінде теориялық және әдістемелік деңгейде ғана емес, сондай-ақ технологиялық деңгейде де қарастырылуы қажет.

«Технология» ұғымы тәрбие жүйесінде қазіргі кезде үлкен орын алады, осы орайда қойылған тәрбиелік мақсатқа жету жолында технологиялық деңгейдің ғылыми түрде қарастырылғаны жөн.

Технология – балаға мәдениет деңгейінде әлеммен әрекеттесуін қамтамасыз ететін, ал педагогикада тәрбиелік мақсатқа жетуде кәсіби еркін болуға мүмкіндік тудыратын жағдай аясында педагогтің тәрбиешіге жағымды әсерін мүмкін ететін кәсіби дағдылар жиынтығы.

Технология кәсіби құбылыс ретінде баланың тұлға субъектісі қалпын мәдениет жетістіктеріне үздіксіз, денелік және рухани жаттығулар арқылы жетелейді. Педагог бір жағынан, балаға қысым жасамауы керек, екінші жағынан, оның өз “Менін” көрсететін жолын жаппаған жөн, ал тағы келесі бір жағынан оны дөрекіге айналмауын қадағалаған дұрыс.

Технологияның пайда болуының өзі заңды нәрсе. Әрбір бала, оқушы, жеке дара тұлға болғандықтан, оған сабырлылықпен, сүйіспеншілікпен ғана әсер

ету қажет.

Технологияның құрамдас бөліктері педагогтің балалармен өзара әрекет ету қызметімен анықталады. Педагог ақпарат береді, араласады, балаларды ер және қыз бала деп ерекшеліктерін ескереді, топтық жұмыс ұйымдастырады, топта қолайлы психологиялық ахуал жасайды, мәдени өмір талаптарына сай бірлескен жұмысқа келіседі, қақтығыстарды шешеді, этикалық жағынан қорғайды, тәрбие құралдарын тандайды, әртүрлі балаға түрлі қатынастар жүйесін құрады. Мұның бәрін педагог психологиялық және физиологиялық құралдар арқылы іске асырады: дауысы, қозғалысы, кейпі, бейнесі, көйлегі және т.б. Педагогикалық технологияның әрбір қызметтік элементі кәсіптік дағдылар жүйесі көмегімен жүзеге асады. Бірақ осы дағдылар жүйесін кім береді? Осы дағдылардың анық жүйесі жазылған ба? Әрекеттің тұрақтылығы мен бірізділігін реттейтін жалпы басшылыққа алынатын қағидалар, ұстанымдар түрінде кәсіптік дағдылардың сипаты мен жүйесін анықтайды.

Тәрбиелік ситуация - шәкірттердің оқудан тыс іс-әрекеттерінің көрінісі. Тәрбиелік ситуация шәкірттердің оқудан тыс әрекеттерінің арнайы ұйымдастырылуын да қамтиды. Тәрбиелік ситуация - баланы дамытуға, яғни оның өзін-өзі тәрбиелеуіне, өздігінен білімін жетілдіруіне бағытталған қарым-қатынас. Тәрбиелік ситуация - адамзат тәжірибесінің алмасуы мен менгерілуі, пайдаланылуы. Тәрбиенің нәтижелілігі - іс-шараларды дұрыс ұйымдастыру мен атқару арқылы жүзеге асады. Тәрбиелік ситуация - тұлға үшін маңызды сапалар және қасиеттердің әлеуметтік қалыптасуының өлшемі, тәрбиелеуші үрдістің нәтижесін сипаттайды.

Тәрбиелеу-педагогикалық үдеріс жағдайында білім беру мақсатын жүзеге асыру бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті қарастырылатын күрделі үдеріс. Тәрбиелеуде белгілі бір жетістікке жетуде тәрбиеленушілер мен педагогтардың арасындағы қатынас маңызды рөл атқарады және оған көптеген факторлардың әсері бар.

Соған сәйкес тәрбиелелік ситуация технологиясына нақты тәрбиелеу мақсатына тиімді жолмен жететін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің арасындағы қатынасты белгілейтін ғылыми негізделген тәсілдер мен әдістердің жүйесін қамтитын біріккен іс-әрекет моделінің барлық бөліктерінде ойластырылған технология деп анықтама беруге болады.

Тәрбиелік ситуация технологиясының тиімділігі көп жағдайда олар жүзеге асырылатын педагогикалық жағдайға тәуелді. Н.Е.Щуркованың пікірі бойынша ол тәрбиелік ситуация технологиясының жетістіктерін анықтайды [1, 58-б.].

Тәрбиелік ситуация технологиясының жетістігін анықтайтын педагогикалық жағдайға алдымен педагогтардың жеке ерекшеліктерін жатқызуға болады. Олар: білімдарлық, педагог тұлғасының бірегейлігі, оның мәдениеті, ізденімпаздығы және ынтасы. Сонымен бірге оның тәрбие үдерісінің заңдылықтары мен балалар психологиясы жөніндегі терең білімі

болуы, диагностикалау әдістерін және т.б. жетік білуі тиіс.

Тәрбиелік ситуация технологиясының сипаты оны балаға деген қатынастарына тәуелді. Олар технологияның ынтымақтастық, еркін тәрбиелеу, авторитарлық немесе бағдарлы деп аталатын типтерінанықтайды [2, 28-б.].

Диагностикаланатын мақсат қою педагогикалық технология құрудың маңызды құрушыларының бірі. Тәрбиелеу технологиясын құруда оқыту технологиясындағыдай нақты күтілетін соңғы нәтижелер тұжырымдалған мақсат қойылады.

Тәрбиелеу мақсатынын анықтау немесе қою педагогикадағы үнемі пікірталас тудыратын күрделі проблемалардың бірі. Өкінішке орай, педагогикада осы уақытқа дейін нәтижеге жету жолдары мен алынған нәтижелері бірмәнді, объективті түрде диагностикаланатын тәрбиелеу мақсаттары анықталмаған. Тәрбиелеу мақсаты кеңейе және маңыздылана түскен сайын (жан-жақты және үйлесімді дамыту) олар бұлыңғырлана түсуде және практикада жүзеге асырылмайды.

Тәрбиелік ситуациялар технологиясын құруда қойылатын мақсаттар нақты, тұлғаға бағдарланған және барынша тәрбиелеу үдерісінің заңдылықтарын бейнелегенде ғана күтілетін нәтижелер сипатында бола алады. Сонымен бірге жоғары сынып оқушылары үшін тәрбиелік ситуациялар технологиясын құруда олардың психологиялық ерекшеліктері ескерілсе ғана қойылған мақсат күтілетін нәтижелер түрінде бейнеленеді. Жоғары сынып оқушылары өздерінің болашақ мамандықтарын таңдайды, соған байланысты олардың өмір сүру стильдері, оқулары, бос уақыттары және жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуы болашақ мамандыққа дайындыққа бағынады.

Педагог тәрбиелік ситуациялар технологиясын құру үдерісінде диагностикаланатын мақсатты қоюда бірқатар маңызды мәселелерге жауап беруі тиіс. Оқушыға қандай құндылықтарды, мағыналы нәрселерді беру қажет? Берілген технологияны жүзеге асыруда қандай нақты біліктер, дағдылар немесе тұлғалық қасиеттер қалыптастырылуы тиіс? Нақты бір сапаның қаншалықты қалыптасқанын қалай білуге болады? Қандай іс-әрекет, қандай қарым-қатынаста (өзіне, адамдарға, еңбекке және табиғатқа) тәрбиеленушіде қалыптасқан тұлғалық сапалар көрініс береді?

Бұл маңызды қадамды дұрыс жүзеге асыруда педагогқа теория, тәрбиелеу үдерісінің әдістемесі, психология жөніндегі алған білімдер көмекке келеді. Педагог үшін психологиялық диагностика, яғни диагностикалық мәдениет саласы бойынша білім мен біліктер ерекше орын алады.

Мақсат қойылып тұжырымдалғанда тұлғаның сәйкес сапаларының деңгейі (мысал, тәртіптілігін, ұқыптылығын) немесе сапалар мен біліктердің толық бір кешені (мысалы, адамдармен қарым-қатынас жасай алуын, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту қабілеттіліктерін) алдын ала жүзеге асырылады.


Осы диагностиканың негізінде тәрбиелеу мазмұны, формалары, әдістері

мен тәсілдері таңдалады және жеке технологиялық тізбек құрылады. Осындай күрделі үдерісте мұғалімнің тәжірибесі, педагогикалық интуициясы және балалардың психологиясы жөніндегі білімі іске қосылады.

Тәрбиелік ситуация технологиясының *мазмұндық компоненті* диагностикаланатын мақсат сияқты оның да табыстылығы маңызды, ол технологияның ақпараттықтығы, дамытушылығы, дәстүрлі немесе тұлғалы бағдарланғандығы, өнімділігі немесе өнімсіздігімен байланысты. Негізінен технологияның тиімділігі қойылған мақсат пен іс- әрекет мазмұнының тұжырымдамалық тұрғыда қаншалықты байланысты екендігіне тәуелді.

Технологияның өзіндік ерекшеліктері-технологиялық тізбекті елестете алу мен технологияны жүзеге асырудың кез келген кезеңінде қажетті түзету жасау мүмкіндіктерінің болуы. Тәрбиелік ситуация технологиясы үшін бұл үдеріс өзгеше өтеді.

Жоғарыда технология мен тәрбиелік ситуациялар ұғымына сипатта бердік. Бұдан шығатын қорытынды тәрбиелік ситуациялар технологиясы оқушылардың этномәдени біліктілігін қалыптастырудың негізгі құралы болып табылатындығына көз жеткізуімізге болады.



Тәрбиелік ситуациялар технологиясын қолдана отырып, педагог оқушының этномәдени біліктілігін жүйелі түрде қалыптастыра алатын болады (Сурет 1).

Сурет 1 - Тәрбиелік ситуациялар технологиясының ұстанымдары

Жоғары сынып оқушыларының этномәдени біліктілігін сыныптан тыс жұмыста тәрбиелік ситуациялар технологиясының құралдарымен қалыптастыру бірқатар педагогикалық шарттарды анықтауды және негіздеуді талап етеді, яғни әдістемелік ережелер мен бастапқы нұсқаулардың жиынтығы, маңызды ұйымдастырушылық және тәрбиелік шаралар, педагогикалық қарым-қатынас құралдары мен тәсілдері жөнінде қарастырылуы қажет, бұл өз кезегінде оқушылардың маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру міндетін шешуге себепші болады.

Этномәдени біліктілікті қалыптастыру проблемасына қатысты зерттеулерді [3,4,5] негізге ала отыра, келесі бірқатар педагогикалық

шарттарды атап көрсетуге болады.

Этномәдени біліктілік оқушылармен біртұтас (бірақ бұл ретте осы құзыреттіліктің негізгі мазмұндық элементтеріне бағытталған) тәрбие жұмысын жүргізуді талап етеді. Сыныптан тыс жұмыс, бір жағынан этномәдени біліктілікті қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды, ал екінші жағынан – оқушылардың әлеуметтік-мәдени кеңістігінің кеңеюімен байланысты, сенімді қарым-қатынастарға негізделген педагогикалық өзара қатынас үрдісін ұйымдастыруға ерекше талаптар қояды, жоғары сынып оқушыларының қызметін белсендіретін жұмыстың заманауи түрлерін қолдануды қажет етеді. Сондай-ақ, педагогикалық шарттарды анықтауда этномәдени біліктіліктің мәні мен тәрбиелік ситуациялар технологиясының өзара байланысы ерекшелігін ескеру аса маңызды.

Тәрбиелік ситуациялар технологиясын қолдану оқушылардың жалпы мәдениетін, олардың сөз мәдениетін, отбасылық қатынастар және тұлғааралық байланыс мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді және тәрбиенің осындай тәсілдері және амалдарын қаолдану педагогтың оқушылармен өзара қатынасының мәнін ашуға себепші болады. Бірінші кезекте, түрлі әлеуметтік мәдени жағдайлардағы мәселелер және адамгершілік, моральдық сипаттағы қиындықтарды шешуге бағытталып құрастырылған тәрбиелік жағдайлар ескерілуі маңызды.

Тәрбиелік іс-шаралардың жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшелігін есепке ала отырып ұйымдастыруы педагогикалық өзара әрекеттестіктің қажетті талаптары болып табылатыны мәлім. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы, бүкіл тәрбие үрдісі секілді жоғары мектеп жасының психологиялық-педагогикалық ерекшелігін есепке алуды талап етеді, себебі, осы кезеңнің сипаттамасына сай осы жаста оқушылар объективті талдауға және адамдардың қылықтары мен жүріс-тұрысын бағалауға қабілетті, өз тағдырын өзі шешуге тырысады, яғни жоғары мектеп жасы этномәдени біліктілікті қалыптастыруға қатысты сезімталдықпен ерекшеленеді.

Тәрбиелік ситуациялар технологиясы белсенді, эвристикалық, коммуникативтік сипатта болып келетіндігімен ерекшеленуі қажет, мәселен ойын тренингтері, әлеуметтік-педагогикалық сауалнама-зерттеу, әлеуметтік акциялар, әлеуметтік-мәдени жобалар, волонтерлік тәжірибе және т.б., себебі олар жоғары сынып оқушыларының шынайы өмірге жақындатылған жағдаяттарды ескеріп өзіндік шешімдер қабылдау қабілеттілігін қалыптастыруға, жеке өмірлік құндылықтарды анықтауға бағытталуымен маңызды.

Жұмыстың ұсынылған түрлері оқушыларға мәдени нормаларды қабылдауға, құндылықтардың әр бала үшін жеке маңызы бар екенін түсінуге көмектесуі керек. Педагогикалық өзара әрекет жоғары сынып оқушылары өздерінің шығармашылық қабілеттіктерін таныту мүмкіндіктерінің бар екенін

сезінуін, қарым-қатынаста өз қажеттіліктерін жүзеге асыруға үйренулерін, белсенді ұстанымдарын, өздерінің танымдық мүдделеріне «жауап» таба білетіндей етіп ұйымдастырылуы тиіс.

Оқушылардың өз бетімен таңдауына себепші болатын және оқушылардың өмірінде жеке-маңызды құндылықтарды анықтайтын оңтайлы тәрбие жағдайын іріктеу мен ұйымдастыру. Жағдайды өздігінен ұғыну негізінде тәрбиеленушілерде дұрыс мінез-құлық дағдыларын қалыптастыратын, педагогтың мақсатты бағытталған таңдау жағдайы, проблемалар, қиындықтар сияқты тәрбие жағдайын анықтаумен байланысты және оны шешу жолын таңдауда оқытушы мен оқушы бірлесекөпмандық өмірде қабылданған адамгершілік, моральдық құндылықтарға сай өмірлік жағдайларды анықтайды.

Бұл ретте педагогтың ұйымдастырған тәрбие жағдайы жалпы мәдени біліктілікті қалыптастырудың міндеттері мен бағыттарына сәйкес таңдалады. Ұйымдастырылатын жағдайлар ұсынысында жүйелілік пен реттіліктің, бірзділіктің педагогикалық өзара әрекеттесуде маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн: бұл шешім таңдауы қиындығының артуымен, жағдай мазмұнындағы когнитивтік және қызметтік танылудың біртіндеп үдей түсуімен «жағдайдан жағдайға дейінгі» қозғалыс. Тәрбие жағдайын ұйымдастыру сондай-ақ педагогке оқушылардың мінез-құлығынан сапалы өзгерістерді «диагностикалауға» көмектеседі.

Жоғары сынып оқушыларының этномәдени біліктілігін қалыптастыру оларда маңызды өмірлік әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешу қабілеті мен дайындығын тәрбиелеумен байланысты, олар көбіне мектеп аясында ашылмауы мүмкін. Одан басқа этномәдени біліктілік оқушылардың мәдени мұраны «иемденуімен» және олардың түрлі саладағы тіршілік әрекеттердің жеке тәжірибеге дағдылануынан көрініс табады. Сондықтан әлеуметтік-мәдени өзара қарым-қатынасты кеңейткен абзал; сыныптан тыс жұмыс түрлі мәдени шараларды (әлеуметтік-мәдени акциялар, театрларға бару, экскурсиялар, волонтерлік қызмет) қамтуы мүмкін, ол сондай-ақ оқытушы мен оқушылардың дәстүрлі сабақтан тыс қарым-қатынас шекарасын кеңейтеді.

Қорыта келгенде, бұл айтылғандар сыныптан тыс жұмыста жоғары сынып оқушыларының этномәдени біліктілігін қалыптастыруда төмендегідей педагогикалық шарттардың ескерілуі маңыздылығына көз жеткізе түседі:

- тәрбиелік қызметтің мазмұнын әзірлеуде тұлғаға бағдарланған, біліктілік, мәдениеттану, гуманистік және аксиологиялық тәсілдердің үйлескен кешенді жүйесінің болуы;

- педагогикалық үрдістің барлық субъектісінің өзара әрекеті;

- жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшелігін есепке алу;

- тәрбиелік ситуация технологиясының басқа тәрбие технологияларымен үйлесімділігі.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Щуркова, Е.Н. Прикладная педагогика воспитания. - СПб, 2005. - 43 с.
- [2] Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - Народное образование, 1998. - 256 с.
- [3] Лайпанова С.Х. Самообразование старшеклассников в процессе личностно-ориентированного обучения. дисс...к. пед. н. - Карачаевск: Изд-во КЧГУ, 2003. - 185 с.
- [4] Поштарева Т. В. Теоретические основы формирования этнокультурной компетентности учащихся в полиэтнической образовательной среде: Монография. - Ставрополь: СКИПКРО, 2014. - 116 с.
- [5] Гикис, С.Н. Роль внеклассной воспитательной работы в формировании общекультурной компетентности у старшеклассников //Российское образование: проблемы и решения: Мир на Северном Кавказе через языки, образование, культуру: Россия - Кавказ - Мировое сообщество : мат-лы VII Междунар. конгр. 14-18 окт. 2013 г. Симп. VI. - Пятигорск. - 2013. - С. 5-8.

REFERENCES

- [1] Shchurkova, Ye.N. Prikladnaya pedagogika vospitaniya. (Applied pedagogy of education). - SPb, 2005. - 43 s. [in Rus.].
- [2] Selevko G.K. Sovremennyye obrazovatel'nyye tekhnologii. (Modern educational technologies). - Narodnoye obrazovaniye, 1998. - 256 s. [in Rus.].
- [3] Laypanova S.KH. Samoobrazovaniye starsheklassnikov v protsesse lichnostno-oriyentirovannogo obucheniya. diss....k. ped. n. (Self-education of high school students in the process of personality-oriented learning.). - Karachayevsk: Izd-vo KCHGU, 2003. - 185 s. [in Rus.].
- [4] Poshtareva T. V. Teoreticheskiye osnovy formirovaniya etnokul'turnoy kompetentnosti uchashchikhsya v polietnicheskoy obrazovatel'noy srede: Monografiya. (Theoretical foundations of the formation of ethno-cultural competence of students in a multi-ethnic educational environment: Monograph). - Stavropol': SKIPKRO, 2014. -116 s. [in Rus.].
- [5] Gikis, S.N. Rol' vneklassnoy vospitatel'noy raboty v formirovanii obshchekul'turnoy kompetentnosti u starsheklassnikov (The role of extracurricular educational work in the formation of general cultural competence in high school students) //Rossiyskoye obrazovaniye: problemy i resheniya : Mir na Severnom Kavkaze cherez yazyki, obrazovaniye, kul'turu: Rossiya - Kavkaz - Mirovoye soobshchestvo : mat-ly VII Mezhdunar. kongr. 14-18 okt. 2013 g. Simp. VI. - Ryatigorsk. - 2013. - S. 5-8. [in Rus.].

ВОЗМОЖНОСТИ ТЕХНОЛОГИИ ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ СИТУАЦИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ

Калиева К.М.¹ к.п.н., профессор

Утебаева Б.Т.² ст.преподаватель

¹КазУМОиМЯ имен абылай хана, Алматы, Казахстан

²Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье определено содержание понятия этнокультурная

компетентность, обоснованы педагогические условия по формированию этнокультурной компетентности старших школьников на основе технологии воспитательных ситуаций во внеклассной деятельности, обеспечивающих положительные качественные изменения личности.

Под этнокультурными компетенциями авторы понимают свойство личности, выражающееся в наличии совокупности объективных представлений и знаний о той или иной культуре, реализующейся через умения, навыки и модели поведения, способствующие эффективному межэтническому взаимопониманию и взаимодействию.

Формирование этнокультурной компетентности старшеклассников средствами технологии воспитательных ситуаций определяется ее спецификой: введением воспитанников в жизненные проблемные ситуации, разрешение которых способствует приятию ценностей и норм культуры, развитию навыков культурного поведения на основе нравственного осмысления этих ситуаций, возможностью расширения социокультурного пространства, обеспечивающего личностную значимость приобретаемого культурного опыта школьника.

Ключевые слова: компетентность, этнокультурное образование, воспитательная ситуация, технология

POSSIBILITIES OF TECHNOLOGY OF EDUCATIONAL SITUATIONS IN THE FORMATION OF ETHNOCULTURAL COMPETENCE OF HIGH SCHOOLS

Kalieva K. M¹. d.p.s., professor

Utebaeva B. T². senior lecturer

¹KazUIR&WL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan

² Kurmangazy Kazakh national conservatoire, Almaty, Kazakhstan-
mail:kalieva.k.m@mail.ru

Abstract. The article defines the content of the concept of ethnocultural competence, substantiates the pedagogical conditions for the formation of ethnocultural competence of senior schoolchildren on the basis of the technology of educational situations in extracurricular activities that provide positive qualitative changes in the personality.

By ethnocultural competences, the authors understand the property of a person, expressed in the presence of a set of objective ideas and knowledge about a particular culture, which is realized through the skills, habits and behaviors that contribute to effective interethnic understanding and interaction.

The formation of the ethnocultural competence of high school students by means of the technology of educational situations is determined by its specificity: the introduction of pupils into life problem situations, the resolution of which contributes to the acceptance of cultural values and norms, the development of cultural behavior skills based on the moral comprehension of these situations, the possibility of expanding the socio-cultural space, providing the personal significance of the acquired cultural experience schoolboy.

Keywords: competence, ethno-cultural education, educational situation, technology

Статья поступила 15.07.2020